

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ  
МЕН РМК «ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ  
КІТАПХАНАСЫНДАҒЫ ҚОЛЖАЗБАЛАР



11-ТОМ

ОН БІРІНШІ КІТАП

# ТАРИХИ АҢЫЗДАР

تاریحي اңызدار



Алматы  
2017

ӘОЖ 378

КБЖ 82.3

К 17

*ҚР БҒМ Ғылым комитеті М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға ұсынылған*

Кітап ҚР БҒМ ҒК гранттық қаржыландыруы аясында жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу  
жобасы нәтижелері бойынша дайындалды (мемтіркеу №0112PK02855)

**Редакциялық алқа:**

Алпысбаева Қ., Ананьева С., Әзібаева Б., Әлбеков Т., Әуесбаева П., Қалиева А., Қалижанов У.,  
Қасқабасов С., Қонаев Д., Қорабай С., Қосанов С., Мұқанов А., Орда Г., Пірәлиева Г.,  
Рақыш Ж., Сұлтан Е., Хамраев А., Шалғынбай Ж., Ісімакова А.

**Жауапты редактор:**

*филология ғылымдарының кандидаты Әлбеков Т.*

**Пікір жазғандар:**

*филология ғылымдарының докторы Хамраев А.,  
филология ғылымдарының кандидаты Қорабай С.*

**Жауапты шығарушы:**

**Мүрсәлімова Н.М.**

**Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы.**

Қ 17 11-том. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2017. – 412 бет.

ISBN 978-601-7414-75-7

Топтаманың 11-томына 364 тарихи аңыздың (VI-XIX ғғ.) қолжазбалары қамтылып, кездескен жағдайда олардың нұсқалары мен версиялары қатар берілді. Тарихи аңыздардың халық арасында өте көп таралып, ел жадында мол сақталған баршаға мәлім. Ал біз көрсеткен саналым – тек еліміздің сирек қорларында сақталған қолжазба мәтіндердің ғана көрсеткіші.

Еңбек фольклортанушы, әдебиеттанушы ғалымдарға, жоғары оқу орындарындағы филология факультеттерінің студенттеріне, магистрлері мен PhD докторанттарына арналған.

ӘОЖ 378

КБЖ 82.3

ISBN 978-601-7414-75-7

© М.О. Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институты, 2017.  
© «Әдебиет Әлемі» баспасы, көркемдеу, 2017.

Мысалы:

### Ш. 1090/1 (ӘӨИ)

«Сипаттаманың» оң шекесіне алдымен қолжазбаның парағы (П.48), беті (Б.96), жол саны (Ж.39), астыңғы екінші қатарда қолжазба мен мәтіннің (ұзындығы, ені) көлемі мен өлшемінiң көрсеткіші (сантиметрмен) жазылады. Мысалы:

П.48; Б.96; Ж.39

27x19,7; 25x17

Осыдан кейін шығарманың атауы көрсетіледі. Мысалы:

#### Абылайдың алғаш көзге түсуі

Қолжазбада мәтіндердің атаулары қандай әріппен көрсетілсе, сипаттамада да сол қалпында жазылды. Қазақ қолжазбаларының үш түрлі әліпбидегі үлгілері кездеседі: арабша, латынша, қазіргі қолданыстағы кириллше.

«Сипаттаманың» екінші бөліміне катысты тараулар: «атауы», «авторы», «жыршысы», «көшірушісі», «тапсырушысы», «экспедициясы», «аннотациясы», «нұсқасы», «басқы, соңғы сөзі», «қолтаңбасы», қолжазбаның қай жылы, қай жерде жазылып алынғаны, қандай әріппен, сиямен жазылғаны, қолжазба беттерінің нөмірленуі, мәтіннің орналасуы, қалпына келтірілуі, ақауы, нұсқалары, библиографиясы т.б.

Жинақтың «Қосымшаларына» «Сипаттамаға» енген қолжазбалардың түпнұсқа үлгілері (иллюстрациясы), шығармалар көрсеткіші (араб, латын, кирилл әріптерінде), кісі аттарының көрсеткіші: авторларға, жыршы-жырауларға, жинаушыларға, тапсырушыларға, аудармашылар мен көшірушілерге байланысты (араб, латын, кирилл әріптерінде), шығармалардағы жер атаулары мен экспедициялар көрсеткіші.

Ғылыми орта мен қалың оқырманға ұсынылып отырған «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасының» 11-томын құрастыруға қатысқан авторлар және олар жазған сипаттамалардың реттік саны: **Әлбеков Тоқтар** – 1-30, **Алпысбаева Қарашаш** – 31-57, **Әуесбаева Пакизат** – 58-78, **Рақыш Жұмай** – 79-109, **Әкімова Тоғжан** – 110-124, **Салтақова Жанат** – 125-185, **Мүрсәлімова Насихат** – 186-226, **Елесбай Нұржұма** – 227-277, **Оралбек Алмас** – 278-354, **Пилтан Юсуф** – 355-359, **Сманова Елмира** – 360-364.

Кітапқа енген көрсеткіштерді дайындаған және компьютерге теріп, қажетті сөздерді араб, латын әліпбиіне түсірген – Мүрсәлімова Насихат.

Кітапқа енген ғылыми сипаттаманың саны – 364.